



Дәрістің тақырыбы: «Қоғам және мәдениет»

Дәрістің мақсаты: философиядағы қоғам және мәдениет туралы пайымдаулармен таныстыру

Алматы-2024

ДӘРІСТІҢ ЖОСПАРЫ

- 1. Қоғам философиялық пайымдау пәні ретінде. Философия тарихындағы әлеуметтік ой-пікірлер.
- 2. Философия тарихындағы мәдениет теориялары (З. Фрейд, Н. Данилевский, О. Шпенглер, К. Леви-Строс).
Қазақтың ұлттық мәдениеті.
- 3. «Рухани жаңғыру» бағадарлама аясындағы рухани жаңару мәселелері.

Әлеуметтік философия

- Қоғамды зерттейтін философияның саласын әлеуметтік философия деп атайды.
- Философия тарихындағы қоғам туралы ойпікірлер: Конфуций, Платон, Аристотельден бастау алады. Орта ғасырларда әл-Фараби ілімінде жалғасты.
 - Кейіннен Г.Спенсер, Э.Дюркгейм, М.Вебердің әлеуметтік көзқарастарында қоғам тереңдеп зерделене бастады.

KOFAAM



Мәдениет әлемі - құндылықтар әлемі

Кез келген мәдениетті нақты құндылықтардың жиынтығы ретінде қарастыруға болады. Философиялық тұрғыдан алғанда құндылық дегеніміз – жалпы қоғам үшін, топ, адам үшін ең қадірлі, ең қасиетті нәрсе туралы түсінік.

Әрбір мәдени дәуірдің өзіне тән құндылықтары, яғни белігілі бір аса құрметтелетін қасиеттер, құбылыстар жүйесі болды. Осы рухани абсолюттер ауысқан уақытта басқа дәуір басталады.

Құндылықтар

- Құндылық ұғымы мәдениеттің ерекшелігін түсінуге көмектеседі. Адам өзі үшін не нәрсе маңызды екенін өзі анықтайды. Көптеген рухани абсолюттер көп адамдарға ортақ. Мысалы, тіршілік ету, өмірді сүю, ата-ананы қадірлеу, құрметтеу. Бұл барлық адамдарға қымбат, ортақ рухани абсолюттер. Бұлжымайтын, асыл өмірлік бейімделуді философия құндылық деп атады. Құндылық дегеніміз адамның өмірін мәнді, сәнді ететін түсініктер жүйесі. Адам баласының тарихында қандай қиындықтар болса да адамды адам етіп қалдыратын рухани тіректер қалыптасты. Осы рухани тіректер бірте-бірте құндылықтарға айналды.

Сэмюэл Филлипс Хэнтингтон (1927-2008)

Әлемге әйгілі
американдық
саясаттанушы ғалым,
өркениеттердің
этномәдени бөлінісін
зерделеген айтулы
«Өркениеттер
қақтығысы?»
мақаласының авторы.



Сэмюэль Хэнтингтон

Сэмюэль Хантингтон "Өркениеттер қақтығысы"

"Өркениеттер қақтығысы" американ саясаттанушысы Сэмюэль Хантингтонның өркениеттік күйреу туралы тұжырымдамасы. Алғаш рет бұл тұжырымдама 1993 ж. Хантингтонның "Өркениеттер қақтығысы" мақаласында келтірілді, қысқа мерзім ішінде бірне шет тілге аударылып, қызу пікірталас тудырды.

Кейінірек С.Хантингтон мақаласының негізгі идеялары оның "Өркениеттер қақтығысы және әлемдік тәртіптің шегі" (1996) атты кітабында одан әрі өрбітілді.

Хантингтонның өркениеттер жіктеуі


- Өркениеттер объективті тұрғыдағы, тіл, әдет-ғұрып, дін, институттар сияқты ортақ белгілердің, сондай-ақ адамдардың субъективті өзара бірегейлігінің болуымен сипатталады. Осы орайда ол қазіргі әлемдегі келесідей өркениеттерді көрсетеді: *батыстық, конфуциандық, жапондық, исламдық, индуистік, православиелік, славяндық, латынамерикандық және африкандық.*

Өркениеттер қақтығысы

- Автордың пікірінше, қырғи-қабақ соғыс аяқталып, кеңестік одақ қирағаннан кейін, қазіргі әлемдегі қайшылықтардың жаңа торабы жоғарыда аталған өркениеттердің арасында болады. Жаһандану процестері адамдардың дәстүрлі бірегейленуін ағынсудай шайып бара жатса, бұл түпкі ұлттық тамырға қайта оралуға талпынып, кері реакция тудыруда. Бұл әсіресе, діни фундаментализмнің қайта өрлеуінен көрініс табуда (исламдық, конфуциандық, шығыс-православиелік және т.б.).

Óсвальд Шпéнглер (1880-1936)

- **Освальд Шпенглер** - неміс философы, тарих философиясы мен мәдениет философиясының негізін қалаушылардың бірі.
- Шпенглердің циклдік тұжырымдамасы "Еуропаның құлдырауы" атты кітабында тұжырымдалды (1920).



Шпенглердің ойынша, әрбір мәдениет өзінің жастық, ересек және қарттық шағын бастан өткереді.

- Ежелгі мәдениетті ол алғы мәдениет деп атап, оны ауыл деп есептеді. Қаланың пайда болуымен байланысты рух пайда болады.
- «Мәдениетті адамның қуаты өзінің ішкі әлеміне, ал өркениетті адамда ол сыртқы әлемге бағытталған». Яғни мәдениетке ең жоғары мақсаттар мен идеяларға ұмтылатын жанқиярлық, жоғары руханилық тән,
- **Өркениет болса, рухтың деградацияға ұшырап, жербауырлаған пендешілікке аяқ басып құлдырауы.**

Өркениет және империализм

- Шпенглердің ойынша, мәдениеттің қарттық шағы, құлдырауы, ақыры ретіндегі өркениетке империализм сәйкес келеді. Орталығы әлемдік қала болып табылатын империя, айналасын экспансиялауға, басып алуға, жаулап алу мен бағындыруға тырысады.

Шпенглердің мәдениет типологиясы

- О.Шпенглер мықты деген сегіз мәдениетті бөліп көрсетеді. Олар – египеттік, үнділік, вавилондық, қытайлық, «аполлондық» (грек-рим), «магиялық» (византиялық-арабтық), «фаустық» (батысеуропалық) және майя мәдениеті. Болашақта тоғызыншы мәдениет орыс-сібірлік пайда болатынын айтады. Бұл мәдениеттердің алғашқылары бүгінде жоқ, Фаусттық бар, ал орыс-сібірлік енді пайда болады дейді.

Халық және рух

Шпенглер халық сөзін рухпен байланыстырады. Мәдениет дамуының бірінші фазасын Шпенглер архитектура деп есептейді. Ол ландшафтымен байланысты. Архитектура ол өнердің де алғашқы түрі, және қоғамды басқару формаларымен де қатысты. Мәдениет егде тартқанда архитектураның орнын бейнелеу, кескіндеме өнері басады. Бұл қатарға Шпенглер музыканы да қосады.

Еуропаның құлдырауы

- Мәдениеттің дамуы соңында оның құлдырауына әкеледі. Шпенглер өркениетті мәдениеттің ақыры деп есептеді. Қартайған шағы. Талай өркениеттер өзінің жастық шағын, ересек кезін және соңында құлдырау кезеңін бастан өткеріп қартайған. Олар Антика, Египет, міне енді кезек Еуропада.